

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 1291 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 457

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды көшіру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 1291 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

қаулының атауындағы және 1-тармақтың бірінші абзацындағы

"мемлекеттік органдарды" сөздерінен кейін "Ақмола қаласына" сөздері қосылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары" сөздері "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" сөздерімен алмастырылсын;

7-тармақтағы "Комиссияны" сөзі "Комиссия аппаратын" сөзімен алмастырылсын;

8-тармақтағы "Комиссия" сөзі "Комиссия аппараты" сөзімен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі